«Ақтөбе қаласының №4  жалпы білім беретін мектеп» КММ

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ

Ақтөбе қаласы

**2022-2023 оқу жылы бойынша «Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды есебі**

Қамқоршылық кеңес қызметі типтік ережеге және Қазақстан Республикасы «Білім» туралы заңының 44 бабы 9 тармағына сәйкес, « Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлану тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 6, 7 баптары және «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, оның ішінде: Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 17 мамырдағы қаулысының 37- тармағы негізінде, Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың 02 сәуірдегі №123 бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы бұйрығын басшылыққа алынып құрылған. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің саны тақ, бір – бірімен және білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық туысы жоқ 9 адамнан сайланып, жылдық жоспары құрылып, бекітілген.

Жұмыс мектеп бойынша "Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы" бұйрық негізінде жүзеге асырылады. Білім беру мекемесінің мүддесі үшін және жұмыс бағыттарына сәйкес қызметтің перспективалық жоспары әзірленеді. Қамқоршылық кеңес-бұл жай ғана қолдау және қаржыландыру емес, мектеп атынан билікпен диалог және азаматтық қоғам атынан мектеппен диалог.

2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының басым міндеттері:

- білім беру ұйымының жарғылық қызметтерін жүзеге асыруда, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуде, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету;
- балаларды тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың жас ерекшеліктері мәселелері бойынша ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту, патриотизмді және азаматтық сана-сезімді қалыптастыру;
- әртүрлі деңгейдегі мектептің басқару қызметіне ата-аналар, қамқоршылар кеңесін тарту;
- мектептің конкурстарын, жарыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- мектептің әлеуметтік сала мекемелерімен өзара іс-қимылын жетілдіру.

Қамқоршылық кеңес мүшеліктің еріктілігі, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тең құқылығы, басшылықтың алқалылығы, қабылданатын шешімдердің жариялылығы қағидаттары негізінде жұмыс істейді.

Жыл бойы мектепте кеңестің **4** отырысы өткізілді, онда жұмыс жоспарына сәйкес мәселелер қаралды:

| |
|---|
| **I отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда)<br>2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру бекітуге ұсыну<br>3. Мектепке жол акциясының өткізілуі<br>4. 2022-2023 оқу жылының ЖБББ қоры есебінен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру |
| **II отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру, қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту<br>2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты бағыттары, функциялармен таныстыру<br>3. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуы туралы мектеп директорының есебі<br>4. Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету |
| **III отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету және дарынды балаларды зияткерлік, шығармашылық және спорт қызметінде қолдау<br>2. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдердің есебі және демеуші тарту жұмыстары туралы<br>3. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың мүлкінің сақталуы және оқу үлгерімі |
| **IY отырыс**<br>**Күн тәртібінде**<br>1. Оқушылардың жазғы демалысын және қала сыртындағы лагерьге баруын ұйымдастыру .<br>2. Мектеп аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша бірлескен акция<br>3. Қамқоршылқ кеңес жұмысының қорытындысы |

Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары жасалынған. Әр айда өткізілген іс - шаралар жоспары бойынша өз дәрежесінде өткізілді. Мектепте 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейінгі аралықта республикалық ***«Мектепке жол»*** акциясы ұйымдастырылып, өз дәрежесінде өткізілді.

Мектепте өткізілген отырыстар мен барлық іс шараларға кеңес мүшелері үнемі қатысым жасап отырды:

1 қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиынға Гүлназым Умбеткалиевна қамқоршылық кеңес мүшелерінің атынан қатысып, оқушылар мен ата-аналарды, ұстаздарды құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.



Қамқоршылық кеңес мүшесі Жұмасұлу Жантлесовна да іс шараларға қатысым жасап, оқушыларды, дарынды оқушыларды қолдау мақсатында өткізілген салтанатты марапаттау рәсімдеріне қатысып, әр бір шарада өзіндік пікірін білдіріп отырды.




























Қамқоршылық кеңес мүшесі Жолдас Бөлекұлы да «Желтоқсан алауы – Тәуелсіздік бастауы» тақырыбында өткізілген іс шарамызға қатысып, оқушыларға тәуелсіздіктің мәнін, қадірін білу, жалпы шараның мақсатын ұғыну жолында сабақ болтындай мысалдар келтіріп, еліміздің беделді азаматтары болуға тілек білдірді.



**Мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу дұрыс жолға қойылған. 13 спорттық секциялар мен үйірмелер жұмыс жасайды. Мектепішілік үйірмелерге қатысатын оқушылар бірнеше бас жүлделерді иеленуде. Жетекшілері ата-аналармен үнемі байланыста.**

# *Мектепшілік үйірмелер*
















*Волейбол*




*Футбол*



*Баскетбол*



*Асық ату*



# *Спорт секциялары*

*Үстел теннисі*



*Жеңіл атлетика*



*Қол добы*



*Тоғыз құмалақ*




Футбол
Волейбол
1964
ДИПЛОМ
festlife_kz
SPORTS
ДИПЛОМ

**«Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін мектеп»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қамқоршылық кеңесінің атқарған жылдық іс-шара жұмыстары қанағаттандырылды.

| | |
|---|---|
| **Қамқоршылық кеңес төрағасы:** | **С.Маймакова** |
| **Кеңес мүшесі:** | **Г.Акжуловва** |
| **Кеңес мүшесі:** | **А.Қаратаев** |
| **Кеңес мүшесі:** | **А.Чайкин** |
| **Кеңес мүшесі:** | **Ж.Сальжанова** |
| **Кеңес мүшесі:** | **Ж.Камбаров** |
| **Кеңес мүшесі:** | **А.Абдрахманов** |
| **Кеңес мүшесі:** | **Н.Мырзалина** |
| **Кеңес мүшесі:** | **Г.Карабалина** |